



Ермек Көшербаев Қапшағай су қоймасының туристік инфрақұрылымымен танысты

Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев туристік басым бағыттардың жай-күйін бағалау үшін өңірлерге жұмыс сапарын бастады. Бірінші нысан Қонаев қаласындағы Қапшағай су қоймасының жағалауы болды.

Мемлекет басшысы еліміздегі танымал демалыс орындарындағы сервис сапасының төмендігін, инфрақұрылымдардың дайындығының нашарлығын сынап, санитарлық проблемаларға жол бермеуді ерекше атап өткен болатын. Осы орайда Премьер-министр Олжас Бектенов демалыс орындарының мәселесін шешу бағытында бірқатар тапсырма берген еді.

Қапшағай су қоймасы-ішкі туризмнің ең көп адам жиналатын бағыттарының бірі. 2025 жылдың бірінші жарты-

тығын және инженерлік желілердің шамадан тыс жүктемемен жұмыс істеп тұрғанын атап өтті. Қаншама инвестиция салынып жатқанына қарамастан, жергілікті атқарушы органдар тарапынан жүйелі шешім болмаса туристік аймақтың тұрақты дамуы мүмкін емес. Мәселен, жағажайларда 280 дәретхана бар, олардың санитарлық-гигиеналық қызметі үнемі бақылауды және нақты үйлестіруді қажет етеді.

Басымдықтардың қатарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету және төтенше жағдайларға дайындық қарастырылып отыр. Премьер-министрдің орынбасары Төтенше жағдайлар министрлігіне жағажайлардағы барлық құтқару кабиналарын талаптарға сай етуді және профилактикалық жұмыстарды



жылдығында оның жағалауына 860 мыңнан астам адам келді. Өңірде 140 туристік нысан, оның ішінде 8 коммуналдық жағажай бар.

Сапар барысында Ермек Көшербаев қонақтарды орналастыру объектілерінің, жағажай және жол инфрақұрылымының жай-күйімен, аумақты санитарлық күтіп ұстаумен, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және шұғыл қызметтердің дайындығымен танысты. Вице-премьер аймақ әкімдігіне биылғы күзге дейін солтүстік жағажайға баратын жолдың жұмыстарын аяқтауды тапсырды.

Бизнес өкілдері мен өңір тұрғындары туристік аймақтың проблемалық мәселелерін айтты. Инфрақұрылымдық шектеулерге ерекше назар аударылды. Мәселен, кәсіпкерлер қосалқы электр стансаларының жетіспеушілігін, орталықтандырылған кәріз жүйесінің жоқ-

күшейтуді тапсырды. Сондай-ақ жұмыс сапары аясында инженерлік жүйелер мен санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің демалушылардың жаппай ағынына дайындығы, әсіресе 15 мың адамға дейін қатысатын іс-шараларды өткізу мәселелері талқыланды.

Сапар барысында туристік аумақтарды аймақтарға бөлу бойынша пилоттық жоба ұсынылды. Ауыл шаруашылығы министрлігі өкілдерінің айтуынша, мұндай жүйе жағалауды функционалды аймақтарға, яғни рекреациялық, табиғатты қорғау, инфрақұрылымдық және өзге де учаскелерге бөлуді қарастырады. Бұл аумақтың дамуын тиімдірек басқаруға, экологиялық тепе-теңдікті сақтауға және демалушылар мен инвесторлар үшін жайлылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Созақ үні»-ақпарат.



Үкіметте заң саласын цифрландыру мәселесі талқыланды

Премьер-министр Олжас Бектенов Президенттің тапсырмасын орындау аясында әділет органдарын цифрландыру мәселелері бойынша жиын өткізді.

Жиында құқықтық жүйенің негізгі бағыттарына цифрлық шешімдерді енгізу қарқынын пысықтау, атқарушылық іс жүргізудің ашықтығы мен тиімділігін арттыру, сот-сараптама қызметін жаңғырту және халықтың құқықтық көмекке қолжетімділігін кеңейту жөніндегі шаралар қаралды.

Олжас Бектенов цифрландыру мен жасанды интеллект элементтерін енгізу барлық саланың даму тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

«Мемлекет басшысы күні кеше іске қосқан суперкомпьютер еліміздегі цифрлық дамудың жаңа парағын ашып отыр. Бұл - Орталық Азиядағы алғашқы суперкомпьютерлік кластер, сондай-ақ, аймақтағы ең қуатты есептеп шығару құрылғысы. Оның мүмкіндіктері мемлекеттік органдар, ғылыми институттар, жоғары оқу орындары мен бизнес үшін қолжетімді болмақ. Сондықтан барлық ведомстволар осы бағыттағы жұмысты жандандыруы тиіс», деді Олжас Бектенов.

Жиында әділет министрі Ерлан Сәрсембаев саланың цифрлық трансформациясы және жаңа сервистерді енгізу туралы баяндама жасады.

Оның айтуынша, «Е-нотари-

ат» жүйесінде 2025 жылдың 1 сәуірінен бастап «Тараптардың жеке кабинеті» пайда болды. Функция борышкерге атқарушы жазбаға онлайн режимде келісім немесе қарсылық білдіруге мүмкіндік береді. Биометриялық сәйкестендіру және аумақтылықтың сақталуын бақылау қамтамасыз етіледі.

Осы сервисті енгізудің арқасында 450 мыңнан астам азамат хабарлама алып, оның ішінде 43 мыңнан астамы қарсылық білдіру мүмкіндігін пайдаланған. Нәтижесінде осы бағыт бойынша шағымдар саны 20%-ға қысқарған.

Атқарушылық іс жүргізу саласында «Цифрлық ассистент» көмекшісі енгізілген. Жүйе қаулыларды бақылауға және қарызды онлайн төлеуге мүмкіндік береді, жеке сот орындаушылары бойынша пилоттық модуль іске қосылғанын хабарлады. Мұндай цифрлық шешім ұйғарым беруді және тексеру шаблондарын пайдалануды автоматтандыру есебінен сот сараптама-ларының сапасын арттыруға

бағытталған.

Сонымен қатар бұл модульдің адами факторды азайту және ашықтықты арттыру мақсатында жасанды интеллект функцияларын пайдаланатын жаңа нұсқасы әзірленіп жатыр.

Халыққа құқықтық көмек көрсету шеңберінде осы жылдың мамыр айынан бастап «Әділет» және «Е-Заң көмегі» жүйелерінде жасанды интеллект базасында «Цифрлық консультант» іске қосылған. Сервис азаматтарға типтік үлгідегі құқықтық сұрақтар бойынша автоматты түрде ақыл-кеңес береді. Осылайша мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне түсетін жүктемені азайтады.

Үкіметтің баспасөз қызметі, құқықтық нормалар шығармашылығы саласында да цифрлық шешімдер әзірленіп жатқанын хабарлады. Министрлік авторлық құқықтарды ұжымдық негізде басқару үшін зияткерлік меншік бойынша Бірыңғай цифрлық платформа құру туралы заң жобасына бастамашылық жасады. Сервисті іске қосу 2026 жылға жоспарланған.

Премьер-министр әділет органдарының еліміздің құқық жүйесіндегі маңызды рөлін ерекше атап өтті. Құқықтық рәсімдердің ашықтығын, қолжетімділігін мен жеделдігін арттыратын заманауи құралдарсыз тиімді құқық қолдану практикасын жүзеге асыру мүмкін еместігі атап өтілді.

Үкімет Ислам даму банкінен 1,1 млрд доллар несие алады

Ел үкіметі Ислам даму банкінен 1,1 миллиард доллар көлемінде несие алады. Бұл туралы бүгін премьер-министр кеңесшісі Нұрлан Байбазаров пен ИДБ президенті Мұхаммед Сүлейман әл-Джассердің кездесуінде келісім жасап айтты.

Қаражат индустриялық аймақтардағы инфрақұрылымды дамытуға жұмсалады. Жоба аясында елге 1,6 трлн теңге инвестиция

тартылып, 16 мың жұмыс орны ашылады деп жоспарланған.

Сондай-ақ тараптар жалпы құны 8 млрд доллардан асатын басқа да бірлескен жобаларды іске асыруға ниетті екенін мәлімдеді.

Бұған дейін банк Қазақстанға 1,15 млрд доллар несие беріп, сол қаражат су қоймаларын салуға және 115 каналдың жұмысын жаңғыртуға бағытталған болатын.

АУДАНДА «АРДАГЕР ӨСИЕТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАСТАР МАРАФОНЫ ӨТТІ



Ауданда Түркістан облысында бастау алған «Ардагер өсиеті» республикалық жастар марафоны ұйымдастырылды. Іс-шара Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің бастамасымен, Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы-

ның және «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің қолдауымен жүзеге асырылды.

Марафон аясында Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасына қарасты «Жастар ресурстық орталығы» КММ басшысының орынбасары Пердебек Сержанұлы бастаған делегация Сызған ауылына арнайы келіп, Ұлы Отан соғысының ардагері, аудандағы сұрапыл соғыстың соңғы сарбазы Мырзахмет Жылысбаевқа құрмет көрсетті.

Ардагерге республикалық марафонның арнайы хаты табысталып, естелік сый-сияпаттар мен марапаттар ұсынылды.

Өз кезегінде Пердебек Сержанұлы:

«Бұл тек марафон ғана емес – бұл елдік өсиет, аманат. Ардагерлердің өмір жолы мен тағылымы – әрбір жас үшін тәрбие мектебі. Жастар – осы аманатты болашаққа жеткізетін мұрагерлер», – деп атап өтті.

Айта кетейік, маусым-қыркүйек айлары аралығында өтетін республикалық марафон еліміздің барлық өңірлерін қамтып, Астана қаласында қорытындыланады. Жоба аясында ардагерлердің өсиеті хат түрінде рәсімделіп, елордада салтанатты түрде сақтауға тапсырылады.



СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

9 шілде – Су шаруашылығы қызметкерлері күніне орай аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов және аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев «Шолақорған-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мен «Қазушар» РМК Түркістан облысы филиалының Тасты-Шу топтасқан су жүйесі бөлімшесінің қызметкерлерін қабылдап, сала кәсіби

мерекелерімен құттықтады.

Қабылдау барысында су саласының мамандарына алғыс хаттар мен естелік сый-сияпаттар табысталды. Тынымсыз еңбек етіп жүрген сала қызметкерлерінің жұмысын ерекше атап өтіп, жауапты міндеттерін абыроймен атқарып келе жатқан мамандарға алғыстарын жеткізді.

СОЗАҚТЫҚ СПОРТШЫ АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

Қырғызстан Республикасының астанасы – Бішкек қаласында шілде айының 5-9 күндері аралығында еркін күрестен 15 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында өткен Азия чемпионатында Қазақстан құрамасы сапында ел намысын қорғаған созақтық спортшы Мақсұт Ахмет 85 келі салмақ дәрежесінде күміс жүлдеге ие бол-



ды.

Халықаралық додада Мақсұт өзінің мықты дайындық пен шеберлігін танытып, алғашқы белдесулерінің барлығын айқын басымдықпен аяқтады. Алғашқы қарсыласы – Моңғолия палуанын 10:0 есебімен жеңсе, кейін Өзбекстан және Қырғызстан елінен келген балуандарды да дәл осы есеппен ұтты. Жапон спортшысымен болған шешуші кездесуде де үстемдік танытып, финалға жолдама алды. Ақтық сында Үндістан палуанымен кездесіп, күміс жүлдені қанжығасына байлады.

Мақсұт Ахмет – Созақ аудандық №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушісі. Ол биыл сәуір айында Қарағанды қаласында өткен Қазақстан чемпионатында жеңіске жетіп, Азия чемпионатына жолдама алған болатын.

Жас спортшының жаттықтырушысы – еркін күрестен бірнеше чемпион тәрбиелеген тәжірибелі бапкер Бейсембаев Бақытжан. Ол ұзақ жылдар бойы балалар мен жасөспірімдер спортында дамытуға сүбелі үлес қосып келе жатқан білікті маман.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Сайланған әкімді тіркеу туралы СОЗАҚ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 46-баптың 3-тармағына 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 2025 жылғы 13 шілдедегі отырысында Қаратау ауылдық округіне әкімі ретінде:

1992 жылы туылған, Созақ ауданы Қаратау ауылдық округінің тұрғыны, «Ауыл» партиясының мүшесі, «Ауыл» партиясынан ұсынылған, ұлты қазақ Естауов Саулет Әбіласанұлын тіркеді.

Сайланған әкімге тиісті куәлік табыс етіліп, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА ЖАҢА «ҒАЖАЙЫП» САУДА ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Аудан орталығы Шолақорған ауылында жаңа «Ғажайып» сауда орталығының ашылу салтанаты өтті.

Шараға арнайы қатысқан аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов жиналған қонақтар мен ауыл тұрғындарын жаңа нысанның ашылуымен құттықтады. Бұл бастама кәсіпкерлік саласын дамытуға және тұрғындарды сапалы қызметпен қамтамасыз етуге бағытталған игі қадам екенін атап өтті.

Сонымен қатар, аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиев пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов сөз сөйледі. Жаңа орталықтың халық игілігіне қызмет ететініне сенім білдіріп, жылы лебіздерін жеткізді.

Екі қабаттан тұратын «Ғажайып» сауда орталығының жалпы аумағы – 1584 шаршы метр. Нысан жергілікті кәсіпкер Ержан Айтжановтың жеке бастамасымен бой көтеріп, 15-ке жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ. Сауда орталығында азық-түлік пен тұрмыстық тауарлар қолжетімді бағамен ұсынылып, келушілерге қолайлы жағдай жасалған.

Комиссия отырысы өтті

Өткен аптада «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының кезектен тыс отырысы өтті. Комиссия отырысын комиссия төрағасы Берік Мыңжанұлы Тұрғанбаев жүргізіп отырды. Комиссия отырысына «AMANAT» партиясы Созақ аудандық фи-

ыстарының сапасыз болуы, жатақханадағы бөлме терезелеріндегі қорғаушы торлардың болмауы, бөлменің тарлығы, бассейн жанындағы киім ілгіштердің болмауы сияқты кемшіліктерге тоқталды. Өз кезегінде сөз алған «Машат-Арасан» оқу сауықтыру лагерінің басшысы, жеке кәсіпкер Ә.Әнапия



лиалының атқарушы хатшысы Т.Сейдахметұлы және комиссия мүшелері Г.Әлімбаева, С.Шардарбеков, Т.Абуов, Н.Майусова және аудандық қоғамдық кеңес мүшесі Т.Жұмақов, «Ел мүддесі» ҚБ төрағасы Д.Бек қатысты.

Күн тәртібінде Созақ ауданы бойынша жазғы сауықтандыру лагеріндегі демалып жатырған оқушылардың ата аналарының өтініші бойынша жай-күйімен танысудың барысы жайлы бейне ролик көрсетіліп хабарлама жасалды. Хабарламада «Машат-Арасан» оқу сауықтыру лагеріндегі орын алып отырған біршама кемшіліктер айтылды. Атап айтқанда, тәрбие жөніндегі іс-жоспарды көрсете алмауы, ас мәзіріндегі кемшіліктер, ағымдағы жөндеу жұм-

аталған кемшіліктердің бір-шамасын жөндеп ретке келгендігін, іс-жоспарларды сауықтыру орталығының мамандарының көрсете алмағандығын айтып, 3 маусымға барып кемшіліктердің қалпына келтірілгенін көруге болатынын атап өтті. Комиссия тарапынан сұрақтар қойылып, тиісті жауаптар алынды. Комиссия отырысында аудандық білім бөлімінің басшысы А.Өтебаев хабарлама жасап, атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Комиссия қортындысы бойынша комиссия мүшелері мен қоғамдық бірлестік мүшелерінің пікірін ескере отырып балаларды сауықтыру кешенін аудан аумағынан ашу жөнінде ұсыныс білдірілді.

«Созақ үні»-ақпарат.

ТАҢЫ НҰРЛЫ ТЕРІСКЕЙ

Шолаққорған ауылы бойынша

2022 жылы Шолаққорған ауылындағы Ә.Молдағұлова, Желтоқсан, Қазыбек би, Төле би, Қ.Сатбаев, Жайшыбеков, Ш.Бекжанұлы, З.Темірбеков, Кіші Балдысу, Ақниет, Бірлік, Өркениет, Ынтымақ көшелерін, Ж.Қаламбаев көшесінің жалғасын, Қ.Сатбаев-Төле би көшелерінің қиылысын, сонымен қатар, Жеткіншек елді мекенінің атауы жоқ №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, көшелерін жөнделді. Шолаққорған ауылының А.Спатаев, А.Рақышұлы, Ж.Ерімбетов, Ү.Тастанов, Сұлтанбекхан және Абай елді мекеніндегі көшені жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. «ОңтүстікЖарықТранзит» ЖШС инвестициялық бағдарламасы аясында 2022 жылы Шолаққорған ауылында 2,3 шақырым электр желілері СИП кабельге ауыстырылды. Шолаққорған ауылының Абай көшесін тұрғындардың өтініші негізінде «Оңтүстік Жарық Транзит» мекемесімен қосымша КТПН-10/0,4 кв электр қондырғысы қуаттылығы 160 кВА трансформатор орнатылды. Шолаққорған ауылының С.Қожанов көшесіне аяқ жол салынды.

2023 жылы Шолаққорған ауылындағы Е.Өмірбеков және Төлендиев көшелерін қосатын көлденең көшеге (0,85 шқ), Ж.Қаламбаев көшесінің жалғасына, Жамбыл көшесінің жалғасы, Жібек жолы көшесінің қосындысына (0,8 шқ), Нұрлы жол көшесіне (0,32 шқ) және Балдысу елді мекеніндегі атауы жоқ №1 көшені (2,0 шқ), Қарабұлақ елді мекеніндегі атауы жоқ №1 көшені (081



Шолаққорған ауылындағы Ту тұғыры алаңын және С.Қожанов мұражайын қоршау жұмыстары жүргізілді. Шолаққорған-Түркістан тас жолы бойы қоршалып, ағаштар отырғызылды. 2024 жылы «Ауыл-ел бесігі» бағдарламасы аясында Шолаққорған ауылындағы 8 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Атап айтқанда З.Темірбекова-1,270 шқ, Қ.Рүстемов-0,350 шқ, А.Мұқанов-0815 шқ, Жамбыл-0,210 шқ, Ш.Қалдаяқов-1,030 шқ, Ү.Тастанов-0,710 шқ, Теріскей-0,300 шқ және Ә.Жынысбаев 0,200 шқ.

Жергілікті бюджет есебінен Жет-

ков, О.Анарбеков, Ы.Алтынсарин, Қ.Сәтбаев, Б.Момышұлы, Нұрлы жол, Ордабасы, Д.Қонаев, Б.Тастыбаев, Т.Сүннетов, Ә.Оспанов, Қ.Әубәкіров, С.Еспенбетов, Руханият, З.Темірбекова, С.Тоқпанбетов, А.Мырзалиев, Төле би, Т.Тоқбергенов, Әйтеке би, Ә.Зейілбекұлы және Абай елді мекеніндегі 2-көшеге жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Балдысу және Қарабұлақ елді мекендеріне ауыз су құбырын жүргізу жұмыстары жүргізілді.

Абай елді мекені тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында А.Иманов жалпы орта мектебіне 25 метр және елді мекендегі водозабор ішіне тереңдігі 140 метр болатын ұңғы құдықтар қазылды. «Ақмола» мазараты қасындағы бұлақтан құбырмен ауыз су желісіне су жеткізілді.

Ағымдағы жылы 11,2 шақырымды құрайтын «Біресек» каналының 5,2 шақырымына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Шолаққорған ауылының С.Қожанов көшесіне су өткізгіш құбырлар салынды.Теріскей саябағын қоршау жұмыстары жүргізілді. Алматы, Ш.Оқшиев көшелеріндегі балалар ойын алаңдарын жөндеу жұмыстары жүргізілді.

2025 жылы Жолдарды жөндеу (асфальттау) жұмыстары жүргізіліп жатқан көшелер Шолаққорған ауылының С.Мұқанов, Төле би, Е.Өмірбеков, Т.Сүннетов Ж.Қарғабаев, Кіші Балдысу, Б.Бәшімұлы, Ү.Тастанов-2, Е.Ембергенов, Т.Жайшыбеков, Қ.Әубәкіров, С.Сиязбеков, П.Маханов, А.Аманжолов, Өркениет, Н.Төреқұлов, Жібек жолы-2,



шқ), Абай елді мекеніндегі атауы жоқ №1 көшені (1,0 шқ) асфальт төсеп орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Республикалық бюджет есебінен Жеткіншек елді мекеніндегі атауы жоқ №1 және атауы жоқ №2 көшелерін (1,65 шқ) асфальт төсеп орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Шолаққорған ауылының С.Абуов-1, С.Абуов-2, М.Әуезов-1, М.Әуезов-2, Е.Өмірбеков, Н.Төреқұлов көшелерін жарықтандыру, Балдысу елді мекенінің, Қарабұлақ елді мекені және Жеткіншек елді мекеніндегі 1 көшені жарықтандыру жұмыстары жасалды. «КАТКО» БК ЖШС демеушілігімен Шолаққорған ауылындағы Қ.Рүстемов, А.Иманов, Әйтеке би көшелері жарықтандырылды.

«КАТКО» БК ЖШС демеушілігімен Шолаққорған ауылының С.Әбуов, Жібек жолы -2, А.Спатаев көшелеріне балалар ойын алаңдары салынды.

«Инкай» БК ЖШС демеушілігімен Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Қарабұлақ елді мекенінен, Жеткіншек елді мекенінен және Шолаққорған ауылының Ж.Ерімбетов көшесінен балалар ойын алаңдары салынды. 2023 жылы Шолаққорған ауылының Ақшам және Наурыз мөлтек аудандарына ауыз су құбырын жүргізу жұмыстары аяқталды.

кеншек елді мекеніндегі атауы жоқ №1 көшесіне тас төселеді жалпы ұзындығы 5,0 шақырым және Ш.Айманов, Кенесары және Әл-Фараби көшелері жалпы ұзындығы



3,345 шақырым, Шолаққорған ауылының С.Сиязбеков, А.Асқанбеков, атауы жоқ №1, атауы жоқ №2 және І.Кенесбаев жалпы ұзындығы 2,315 шақырым көшелері асфальтталады.

Аудандық бюджет есебінен Шолаққорған ауылындағы Ж.Жабаев, Т.Насыров, Ш.Бекжанұлы, Ә.Молдағұлова, Е.Ембергенов, А.Асқанбе-

Ш.Оқшиев, Бірлік, А.Рахышұлы М.Әуезов, Атамекен, Ақниет, Шымкент, Қазыбек би, Түркістан, Б.Тастыбаев, Шәкәрім, Қ.Сәтбаев, Атауы жоқ №3 көшелерін жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Қарақұр ауылдық округі бойынша 2022 жылы Наурыз көшесінің

көше жарығы 1700 метр, Үсенбай көшесінің көше жарығы 800 метр, Б.Батырбеков көшесінің көше жарығы 800 метр, Раң елді мекені Раң көшесінің көше жарығы 600 метр, Шаға елді мекені Шаға көшесінің жарығы 600метр жарықтанды. 2023 жылы Қарақұр ауылы Абай көшесінің көше жарығы 2400 метр, Раң елді мекені Раң көшесінің көше жарығы 700 метр, Шаға елді мекені Шаға көшесінің жарығы 600метр, Раң елді мекенінен Шағын футбол алаңы ашылды.2024 жылы Наурыз көшесінің көше жарығы 1000 метр, Наурыз көшесінің көше жарығы 1400 метр, Раң елді мекені Раң көшесінің көше жарығы 600 метр, Шаға елді мекені Шаға көшесінің жарығы 700метр, Қарақұр ауылы Үсенбай көшесінен Жаңа әкімшілік ғимараты ашылды, Құрмағазы көшесінен Жабдық спорттық көшен ашылды, Шаға елді мекенінен шағын футбол алаңы ашылды. 2025 жылы Наурыз 1 көшесінің көше жарығы 1300 метр, Наурыз 2 көшесінің көше жарығы 800 метр, Раң елді мекені Раң көшесінің көше жарығы 700 метр, Шаға елді мекені Шаға көшесінің жарығы 700метр жарықтанды.

Құмкент ауылдық округі бойынша 2022 жылы Құмкент ауылы, Тасрық көшесіне 1,5 шақырымға 31 дана көше жарығы орнатылды. Құрылыс жұмыстары үшін: 9791,0 теңге.

2023 жылы Қызылкөл елді мекені Л.Бөкенов көшесі 1шақырымға және Қ.Төлеуұлы көшесіне 1 шақырымға аудандық бюджет есебінен жарық жүргізілді. Аудандық бюджет есебінен Құмкент ауылындағы орталық алаңға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Қызылкөл ауылындағы ойын алаңының шарбағына жөндеу жұмыстары жүргізілді. «Катко БК» ЖШС демеушілігімен Амангелді көшесіне 1,8 шақырымға және К.Берденұлы көшесіне 2 шақырымға жарықтандыру жүргізілді. «Қазфосфат» ЖШС демеушілігімен тұрмысы төмен 2 отбасыға 2 тұрғын үй салынды.

2024 жылы аудандық бюджет есебінен Абай көшесіне 2,2 шақырымға және Ш.Уалиханов көшесіне 1,3 шақырымға, Төлеби, Қазбекби көшелеріне 2,85 шақырымға Ж.Есіркепұлы көшесіне-0,9 шақырымға жарықтандыру жүргізілді. Амангелді көшесіне 1,8 шақырымға, К.Берденұлы көшесіне 1,37 шақырымға, Қ.Төлеуұлы көшесіне 0,9 шақырым, Л.Бөкенов көшесіне 1,1 шақырымға асфальт жол төселді. Демеушілер есебінен 1999 жылғы мектеп бітірген түлектерҚұмкент ауылы, Қ.Сәтбаев мектебі ауласының ішінен кіші футбол алаңын салды. «Қазфосфат» ЖШС демеушілігімен Абай көшесіне 1,5 шақырымға және Жамбыл көшесіне 1 шақырымға жарықтандыру жүргізілді.

-2025 жылы аудандық бюджет есебінен ауылдық округі бойынша елді мекендердегі ішкі көшелердің қиылыстарына және соңына жетпеген көшелерді аяқтау масатында 2,5 шақырымға жарықтандыру жүргізілді. Қызылкөл елді мекенінен Құмкент елді мекенінің арасынан Баба Түкті Шашты Әзиз кесенесінің бұрылыс жолына дейін 5 шақырымға жарықтандыру жүргізілді. Құмкент ауылдық округі Қызылқанат көшесінен және К.Берденұлы көшесі бойынан екі балалар ойын алаңшасы салынды.

(Жалғасы 4-5-6 беттерде).

Қыземшек кенті бойынша 2022 жылы Қыземшек кентінің үйлерінің алдын жарықтандыру жұмыстары жүргізілген. Тайқоңыр елді мекенінің кіре берісіне арка жасалды. Қыземшек елді мекенінің көшелеріне аншлап орнату, ойын алаңшасы салынды. 2022 жылы Қыземшек кентінің аялдамаларын жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2023 жылы Қыземшек кентінің көшелерін жарықтандыру жұмыстарын салу, монтаж жасау жұмыстарын жүргізілді. 2025 жылы Қыземшек кентінде орналасқан №22-23 үйлердің алдына балалар ойын алаңшасы салынып, пайдалануға берілді. Орталық көшесінде кіші балалар футбол алаңын орнатылып, пайдалануға берілді. Қыземшек кентіне бейнебақылау камералары 7 жерге орнатылып жұмыс жасап тұр. Қыземшек кентін көркейту көгалдандыру жұмыстарын жүргізу үшін көше жарықтарын безендіру жұмыстары жүргізілді. Қыземшек кентіндегі № 20, 21 үйдің артында орналасқан аллеяға жөндеу жұмыстары



ауылына кіре берісінен Созақ ауылының атауын заманауи жаңа үлгіде жазылған қақпа орнатылды. Науайы атындағы жалпы орта мектебінің 2004 жылы бітірген 20 жылдық бітіруші түлектерінің демеушілігімен әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы 1 бір отбасына 5 бөлмелі тұрғын үй салып берді. 2025 жылы Созақ ауылының тұрғыны жеке кәсіпкер, Жәдігер Әлібеков әлеуметтік жағдайы төмен 1 отбасына 5 бөлмелі тұрғын үй салып берді. Созақ мектеп-гимназиясын 2005 жылы бітірген түлектері Созақ ауылының орталық алаңына шаңырақ орнатып, «Арбат» демалыс аймағын пайдалануға берді. Науайы атындағы жалпы орта мектебінің 2005 жылы бітірген түлектерінің демеушілігімен Ақтас қорымының 200 метр жерін қоршап және әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы 1 бір отбасына тұрғын үй салып берді.

Сызған ауылдық округі бойынша 2022 жылы Қайнар елді ме-

СЫРЛЫ СОЗАҚ СӘУЛЕТІ

жүргізілуде.

Созақ ауылдық округі бойынша 2022 жылы Жергілікті бюджет есебінен Созақ ауылы, Науайы және Өткелбаев көшелерін жарықтандыруға 11 324 000 теңге бөлініп, жалпы ұзындығы 5 шақырым көше жарықтандырылып пайдалануға берілді. Сонымен қатар үнемделген 4 743 000 теңгеге қаржы есебінен Абдыраманов көшесінің жартысына жарыңдыру жұмыстары жүргізіліп пайдалануға берілді.

2022 жылы «Ауыл - Ел бесігі» жобасы аясында Созақ ауылдық округі, Көктөбе елді мекенінің 6 көшесіне асфальт төселіп пайдалануға берілді. Көшенің жалпы ұзындығы 9,5 шқ. Сонымен қатар Созақ ауылы Жаңақұрылыс көшесіне 880 м асфальт төселді.

Облыстық бюджет есебінен ауылшаруашылық маңызы бар жалпы ұзындығы 22 шқ болатын Суындық каналының құрылысы қайта жаңадан салынып толықтай аяқталды.

2023 жылы Ыбырай елді мекенінен 998 млн теңгеге 200 орындық жаңа мектеп ғимараты салынып пайдалануға берілді. Созақ ауылынан 495 млн теңгеге 1000 орындық Созақ ауылында үлкен футбол алаңының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Ыбырай және Көктөбе елді мекендерінде жалпы ұзындығы 5,6 шақырым көше бойы жарықтандырылды. Созақ ауылынан 30 млн теңгеге мал өлекесін тастайтын Беккері шұңқырының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Ыбырай елді мекеніндегі кіші футбол алаңшасының төсеніші (газон) жаңартылды. Ыбырай елді мекеніне 0,5 шақырым асфальт төселді. «Ауыл-Ел бесігі» жобасы аясында 96 млн теңгеге Созақ ауылының 5 көшесі атап айтқанда О.Жүсіпов, Б.Абдыраманов, Құрманғазы, Жамбыл, Өткелбаев көшелерін жалпы ұзындығы 6,65 шақырым жолға асфальт төселді. 2024 жылы Жергілікті бюджет есебінен 5 көшеге атап айтқанда Созақ ауылы Абдраманов көшесіне 1,6 шқ жолға 6 млн 850 мың теңгеге, Абай көшесіне 2,3 шқ жолға 9 млн 868 мың теңгеге, Әлібаев көшесіне 2,5 шқ жолға 10 млн 710 мың теңгеге Жамбыл көшесі 1,5 шқ, Амангелді көшесі 2,6 шқ жарықтандыру құрылысы аяқталып пайдалануға берілді. 2025 жылы Созақ ауылдық округі әкімі аппаратының жаңа әкімшілік ғимаратының құрылысы аяқталып толықтай пайдалануға берілді. Созақ ауылдық округі бойынша 21 көшені жарықтандыру үшін қаржы қаралып қазіргі таңда 3 көшенің яғни О.Жүсіпов көшесі, Түркістан көшесі, Өткелбаев

көшесінің жарықтандыру құрылысы аяқталды. Рысбек көшесіне 2,2 шақырым, Әуезов көшесіне 0,8 шақырым, Қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын орынға баратын 3,5 шақырым, Ыбырай елді мекеніне 2,2 шақырым жолға қиыршық тас төсеуге қаржы қаралып құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Созақ ауылы С.Матенбаев көшесіне 0,5 шақырым, Құрманғазы көшесіне 0,6 шақырым, Ыбырай елді мекеніне 2,3 шақырым жолға асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде. Шақырық және Созақ елді мекендерін таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Созақ ауылы Өткелбаев көшесінің бойынан жалпы құны 654 млн теңгеге спорт комплексінің құрылысы жүргізілуде. Демеуші есебінен атқарылған жұмыстар 2022 жылы Созақ мектеп гимназиясының 20 жылдық мектеп бітіруші түлектердің демеушілігімен жалғыз басты мүгедек баласы бар анаға жалпы құны 10 млн теңгеге 1 тұрғын үй салынып берілді. Ауыл жастарының демеушілігімен жалпы ұзындығы 1,1 шақырым Қ.Тоқмухамедов көшесіне 5 млн теңгеге жарықтандыру жүргізіп пайдалануға берілді. Рысбек көшесінің 550 метр, Шілменбет көшесінің 200 метр жол бөлігіне қиыршақ тас төселді. Созақ ауылына кіре беріс тас жолының бойына Созақ мектеп гимназиясының 40 жылдық бітіруші түлектері және Науайы атындағы мектебінің 20 жылдық бітіруші түлектерінің демеушілігімен жалпы ұзындығы 200

метр жол бойы қоршалып 300 түп шырша ағашы егілді. 2023 жылы Созақ ауылының Өткелбаев көшесінің бойынан 1000 орындық Мешіт құрылысы, Көктөбе елді мекенінен 100 орындық Мешіт құрылысы салынып пайдалануға берілді. Созақ мектеп гимназиясының 2003 жылы бітірген

кенінен тамыз айында «Катко БК ЖШС» демеушілігімен спорт және балалар ойын алаңшасы пайдалануға берілді. Қайнар елді мекенінде маусым айында Б.Әметшеев 2,3 шқ асфальт жабындысын төсеу жұмыстары жүргізілді. Қайнар елді мекенінде «Ауыл-ел бесігі» жобасы ая-



түлектерінің демеушілігімен Созақ ауылына кіре берісінен Рәміздер аллеясы салынды. Науайы атындағы жалпы орта мектебінің 20 жылдық бітіруші түлектері 4 млн теңгеге Ақтас қорымының 200 метр жері қоршауы жаңартылды 2004 жылы 2024 жылы бітірген түлектері Созақ

сында Мектеп-1, Ж.Әділбеков, және Қайнар-бұлақ көшелеріне жалпы 8 шқ жол бойына қиыршық тас төселінді. Сонымен қатар Мектеп-2 көшесіне 1,4 шқ жол бойы асфальтталынды. Қайнар елді мекенінен жеке кәсіпкерлер есебінен «Ұялы байланыс станциясының жабдығына арналған» Актив және Билаин мобильді интернет бағанасы орнатылып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Қайнар елді мекенінде үлкен жолдың бойында орналасқан Қайнар-бұлақ 1,6 шқ жалпы сомасы 16 154 000 мың теңге. Сондай-ақ Б.Әметшеев 2,4 шқ көше жарығымен жарықтандырылды. Жалпы сомасы 10 797 000 мың теңге. Аудандық маслихат депутаты Қ.Бекішовтың демеушілігімен Қозмолдақ және Қайнар елді мекендеріне 2-дана жаяу көпір орнатылды. 2024 жылы Қайнар елді мекені ортсымен өтетін облыстық маңызы бар үлкен автомобиль жолы бойына жасанды жол кедергісі, жол белгілері сонымен қатар 2-дана аялдама орнатылып, ел игілігіне пайдалануға берілді. 2024 жылы аудандық ТҮКШ және АЖ бөлімі арқылы Қайнар-бұлақ көшесіне 70-дана электр бағанасы және 1-дана жаңа трансформатор орнатылды.

Сызған елді мекені Е.Алдасүгірұлы 1,9 шқ және Қайнар елді мекеніндегі Ж.Әділбеков көшесі 1,8 шқ көше жарығымен жарықтандырылды.



2022 жылы Сызған елді мекенінен Әлғазиев Бекжан Бостанұлының демеушілігімен 75 орындық жекеменшік балабақша пайдалануға берілді. Жалпы жоба құны 50 000 000 теңге. Сызған елді мекені Тастақ 1,4 шқ, Мектеп 1,05, Кәріағаш 1,5 шқ көшелеріне жалпы 4,02 шақырымға асфальт жабындысы төселді. Сызған елді мекеніне 2024 жылы ауыз су құрылысы жүргізіліп, ел игілігіне пайдалануға берілді. Басбұлақ елді мекеніндегі 2-көше жарығымен жарықтандырылды. Жалпы құны -7 088 000 мың теңге. Басбұлақ елді мекеніндегі Басбұлақ-1 1,6 шқ, Басбұлақ-2 1,7 шқ жол бойы асфальтталынды. Басбұлақ елді мекенінен 2024 жылы ауыз су құрылысы жүргізіліп, құрылыс жұмыстары қазіргі таңда толығымен аяқталды. Тиісті құжаттары рәсімделіп болған соң, ауыз су кестеге сай



0,5км, Болашақ 0,5 км, Мәңгілік-ел 0,5 км, Тұран 0,5 км, Қаратау 0,5 км, Геологтар 0,5 км, І.Кеңесбаев 1,2 км, Жыныс ата 1,2 км, Тәуелсіздік 0,6 км, Мыңжылқы 1,2 км, көшелері жарықтандырылды. Таукент кентінің көпқабатты 8 үй аласы жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Х.Тоқмұхамедов 4 км, С.Тойшыұлы 1,1 км, көшеге асфальт салынды. Демеушілік арқылы Казатомпром Сауран мекемесі Таукент кенті мен Жыныс ата көшесіне дейін жаяу жүргіншілер жолы салынды. 2024 жылы атқарылған жұмыстар. Таукент кенті бойынша І.Кеңесбаев 1,6 км, Х.Тоқмұхамедов 2,1 км, Жыныс ата 1,3 км, Ш.Бекжанов 1,5 км, көше жарықтары жүргізілді. Таукент кентінің орталық көшелеріне 9 шт бейнебақылау камералары орнатылды. Таукент кенті бойынша Алмалы 1,1 км,

АРТА ТҮСКЕН ДӘУЛЕТІҢ

берілетін болады. Қозмолдақ елді мекені бойынша атқарылған жұмыстар. Т.Момбеков көшесі 1,4 шқ көше жарығымен жарықтандырылды. Жалпы құны 5 556 000 мың теңге. Қозмолдақ елді мекені Т.Төреханов 1,4 және М.Берістемұлы көшесі 1,0 шқ асфальт жабындысы төселді. Т.Төреханов 1,4 шқ көше жарығымен жарықтандырылды. Жалпы сомасы 5 883 000 мың теңге. Қ.Тоқмұхамедов 0,6 шқ көше жарығымен жарықтандырылды. Жалпы сомасы

Басбұлақ-2 көшесі 1,870 шқ көшелеріне жалпы 8-көшеге көше жарығы жүргізіліп, пайдалануға берілді. КХ-110 бағыты бойынша 13,3 шқ Қозмолдақ елді мекеніне дейінгі автомобиль жолына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, маусым айында пайдалануға берілді. Маусым айында Қозмолдақ елді мекені Қ.Тоқмұхамедов көшесі бойындағы футбол және балалар ойын алаңшасына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қайнар елді мекеніне «Ауыл-ел бесігі» жобасы аясында жал-

молдақ елді мекенінен жабық футбол алаңшасы мен Воркаут алаңшасының құрылысы жүргізілуде.

Тасты ауылы бойынша 2022 жылы «КАТКО» БК ЖШС демеушілігімен А.Иманов пен Қазақстан көшелеріне 1 шақырым аяқ жол салынды. Мектеп бітргендеріне жирма жылдық кездесушілер ауыл орталығынан спорттық жаттығу алаңшасын салып берді. Бауыржан, Жамбыл, Қажымұхан, Жібек-жолы, Наурыз көшелеріне жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. 2023 жылы «КАТКО» БК ЖШС демеушілігімен Туғыры алаңшасы салынды. Мәдениет үйі ғимараты салынды. 2024 жылы «Белес» ЖШС демеушілігімен Спорт кешені салынды. Ауыл кіреберісінен Қылти елдімекеніне дейін жол бойына, Қылти елдімекеніне жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Қылти елдімекеніне, Амангелді және Наурыз көшелеріне тас жол төселді. Ауыл әкімшілігі ғимараты салынды. 2025 жылы Шу өзені бойындағы үш көпірге жөндеу жұмыстары жүргізілді. «Бәйтерек» саябағы ішіне балалар ойын алаңшасы салынды.

Таукент кенті бойынша Таукент кентінің 0,5 км Бәйтерек көшесін жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Таукент кентінің көпқабатты №1, 132, 157 үйлердің алаңшасына балалар ойын алаңшасын салу жұмыстары жүргізілді. Бәйтерек 0,5 км, І.Кеңесбаев 3,1км, Бекжанов 2,0 км, көшелеріне асфальт салынды. Көпқабатты №132 үй мен №1 үйдің арасына жаяу жүргіншілер жолы салынды. Демеушілік арқылы Казатомпром Сауран мекемесі көпқабатты №44, 49, 133 үйдің алаңшасына балалар ойын алаңшалары салынды. 2023 жылы атқарылған жұмыстар. Таукент кентінің батыс жақ бөлігінде коттеджде Бейбітшілік 0,5км, Е.Ерімбетов 05км, Қ.Сәтбаев

Мыңжылқы 0,7км, Көкжиек 2,1км Жыныс ата 4,5 км, І.Кеңесбаев 1,1км көшесіне асфальт жол салынды. Катко мекемесі демеушілігімен Ш.Бекжанов көшесінің бойынан балалар футбол алаңшасы салынды және Көкжиек көшесіне жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. 2025 жылы атқарылған жұмыстар. Таукент кенті бойынша І.Кеңесбаевтағы ішкі көшелерге 2,8 км және Көкбұлақ көшелері жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. І.Кеңесбаев мектебінен Бесбұлақ саяжайына дейін 2,3 км жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. С.Әліұлы мектебінен Тұрысбек ата мешітіне дейін жаяу жүргіншілер жолына жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Таукент және Жыныс ата жолының бойына 3 арка орнатылды. Таукент кентіндегі 4 футбол алаңшасына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Таукент кентіндегі көпқабатты 6 үйдің алаңшасына балалар ойын алаңшасына қоршау жұмыстары жүргізілді. Таукент кентіндегі 132 үйдің жаңынан жаяу жүргіншілер жолы салынды. Таукент кентінің Алмалы көшесінің бойына балалар ойын алаңшасы салынды. Таукент кентіндегі екі бағыттағы жолдың ортасын көгалдандыру үшін 2,0 км қоршау жұмыстары жүргізілді.

Шу ауылы бойынша 2022 жылы жалпы ұзындығы 2 шқ Салқауов, Тәуке-хан көшелері жарықтандырылды. Жалпы ұзындығы 1шқ Тәуке-хан көшесіне аяқ жол салынды. 2023 жылы мал өлекесін тастайтын орын салынды. Катко БК ЖШС демеушілігімен баскетбол және волейбол алаңы салынды. Жалпы ұзындығы 1,8 шқ Абай, Серікбаев, Мұқанов көшелері жарықтандырылды. 2024 жылы жалпы ұзындығы 1,5шқ Иманов, Сәтбаев және Наурыз көшелері жарықтандырылды. Катко БК ЖШС демеушілігімен ауыл кітапханасы күрделі жөндеуден өтті.



3 231 000 мың теңге. Көше жарығы бойынша Қозмолдақ елді мекені Қ.Рүстемов көшесі 1,3 шқ жарықтандырылды. Жалпы сомасы 6 382 000 мың теңге. Қозмолдақ елді мекені М.Берістемұлы 1,0 шқ көше жарығы жүргізілді. Жалпы сомасы 7 010 000 мың теңге. Қозмолдақ елді мекені М.Қамбарбекұлы 1,4 шқ көше жарығымен қамтылды. Жалпы сомасы 10 000 000 теңге. Ж.Дәуітбаев 0,8 шқ көше жарығымен жарықтандырылды. Жалпы сомасы 4 717 000 мың теңге. 2024 жылы Қозмолдақ елді мекенінен ҰОС ардагерлеріне арналған мемориалды кешеннің құрылысы жүргізіліп пайдалануға берілді. 2025 жылы атқарылған жұмыстар. Қозмолдақ елді мекені бойынша М.Берістемұлы 2,0 шқ, Сызған елді мекенінде Кәріағаш 1,5 шқ, Мектеп 1,6 шқ, Тастақ 1,2 шқ және Қайнар елді мекенінен Қайнар-бұлақ 1,8 шқ, Мектеп-1 1,5 Мектеп-2 1,2, Басбұлақ елді мекені

пы 7,9 шақырымға Ж.Әділбеков 1,370, Б.Әметшеев 2,587, және Қайнар-бұлақ көшесі 4,003 шақырымға асфальт жабындысын төсеу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда Қоз-



(Соңы. Басы 3-4-5 беттерде).

Жартытөбе ауылдық округі бойынша

Аққолтық елді мекеніндегі Қ.Кемелхлы, №38 көшелеріне жарықтандыру, Жартытөбе ауылдық округіндегі көше жарықтандыру бағаналарын қалпына келтіру, жөндеу, шағын футбол алаңының ағымдағы жөндеу, Бабата елді мекеніне көше жарығын орнату, Шымкент-Жартытөбе жол бойындағы көгалдандыруға арналған жерді қоршау, жасыл аймақтарды көгалдандыру және суару жүйесі, Шиліөзен көшесіне жарықтандыру желісін орнату, Достық көшесіне жарықтандыру желісін орнату, Аққолтық елді мекеніндегі атауы жоқ №1 көшесіне көше жарығын орнату, Бабата елді мекеніндегі Баладж көшесінің көше жарығына ағымдағы жөндеу, "Астана" паркіне ағымдағы жөндеу, Аққолтық елді мекеніндегі шағын футбол алаңшасына ағымдағы жөндеу, Жартытөбе, Аққолтық, Бабата елді мекеніндегі 590 тұрғын үйге QR код тақтайшасын орнату, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №3 көшесіне көше жарығын орнатылды, ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ғимаратына күрделі жөндеу жұмысын жүргізуге ЖСҚ жасау, С.Сейфуллин көшесіне Street workout және балалар ойын алаңшасын орнату, Бабата елді мекеніндегі Сайлаубекхлы көшесіне кіші футбол алаңына қоршау орнату үшін, Жартытөбе ауылдық округіндегі ардагерлер саябағына абаттандыру



мекеніне қиыршақ тас төселді;

2023 жыл. Ақсұмбе елді мекеніне ауыз су құбыры жүргізілді; Бақырлы ауылында 2 көше жарықтандырылды; Бақырлы ауылында Б.Стамбекхлы көшесіне асфальт төселді; Бақырлы ауылына мал өлекселерін тастайтын орын салынды;

2024 жыл. Бақырлы ауылына жа-

лы елді мекені Тұяқбайхлы көшесіне жарықтандыру жұмыстары жүргізілді; Ақсұмбе елді мекеніне балалар ойын алаңшасы салынды; Саржаз елді мекеніне балалар ойын алаңшасы салынды; Ақсұмбе елді мекенінің барлық көшелеріне асфальт төселді; Саржаз елді мекенінің барлық көшелеріне асфальт



жұмыстарын жүргізу, Шымкент-Шолаққорған, Жартытөбе-Аққолтық елді мекендерінің арасындағы жол бойына егілген тал көшеттеріне суару жүйесін орнату жұмыстарын жүргізу үшін, Жартытөбе ауылдық округі, Жартытөбе елді мекеніндегі кіре беріс арканы ағымдағы жөндеу, Бабата елді мекеніндегі паркке абаттандыру, ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің ғимаратына қоршау, Бабата елді мекеніндегі Сайлаубекхлы көшесіне кіші футбол алаңын орнату, Аққолтық елді мекені Арқабаев көшесі бойына көше жарығын жүргізілді, Астана саябағына сахна орналастыру, Аққолтық елді мекеніндегі Қ. Әліби-ев к-сі, шағын футбол алаңын және балалар ойын алаңын орнату, Жартытөбе ауылында ойын жабдықтарын орнату және монтаждау жұмыстары, Жартытөбе елді мекеніне кіші футбол алаңына қоршау.

Қаратау ауылдық округі бойынша

2022 жыл.Бақырлы ауылында Абай көшесіне асфальт төселді; Бақырлы ауылында 2 көше жарықтандырылды, 2,2 шақырым; Ақсұмбе елді мекені көшелеріне қиыршақ тас төселді;Саржаз елді

бық ойын алаңы салынды;Саржаз елді мекені көшелеріне асфальт төселді, көшелер жарықтандырылды; Ақсұмбе елді мекені көшелеріне асфальт төселді, көшелер түгел жарықтандырылды; Саржаз елді мекеніне ауыз су құбыры жүргізілді;

2025 жыл. Бақырлы елді мекеніне ауыз су құбыры жүргізілуде;Бақыр-

төселді.

Жуантөбе ауылы бойынша Тас жол төселген көшелерге асфальт төсеу жұмыстарын жүргізу; Қазыбек би көшесіне 2 шақырымға асфальт; Қожақ Омархлы көшесіне 1,55 шақырымға асфальт; Әжібай Жақсыбайхлы көшесіне 1,65 шақырымға



асфальт, жалпы алғанда 5,2 шақырым жолға асфальт төсеу. Қожақ Омархлы көшесіне жарықтандыру жұмысын жүргізу (1 530 метр), Сметалық құжаттама 6 млн 955 мың теңге; Қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын полигон құрылысы. Жабық спорт алаңшасы. Ауыл ішіндегі негізгі мәселелерді де дәстүрге айналған мерейтойлық кездесу ұйымдастыратын мектеп бітіруші түлектердің демеушілігімен де шешу жұмыстарын жалғастыру; Қазіргі таңда осы аталған көшелердің барлығы дерлік асфальт жол. Жалпы алғанда 5,2 шақырым жолға асфальт төселді. Топырақ және тас жол мәселесі шешіліп, негізгі ішкі автомобиль жолдары 100 пайыз асфальтпен қамтылды. Ауылдың негізгі ішкі көшелеріне жол белгілері орнатылды.

2024 жылы 27 жаңа және демеуші есебінен 5 техника жеткізіліп, коммуналдық қызмет көрсету саласында маңызды өзгерістер орын алды. Ауылға 1 дана Беларусь-922.3 маркалы тракторы жүк салғыш және жетегімен беріліп, жұмыс жасауда. Сәкен Сейфуллин мектебін 1975 және 1985 жылы бітірген түлектер 50 және 40 жылдық кездесулері қарсаңында бірігіп ауылдағы "Бәйтерек" кешеніне жалпы көлемі 24 Ч 6 метрді құрайтын 2 қалқан шатыр (навес) жаңадан орнатып, туған еліне тарту жасады. Түнгі мезгілде 8 көшеде 280 дана электр шамдары ауылға ерекше көрік беріп тұр. Биылғы жылы негізгі көшелер жарықпен 100 пайыз қамтылды.Жарықтандыру жүйесіне жаңа трансформатор алынды. 2024 жылы қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын полигон құрылысы бітіп, пайдалануға дайын. Тиісті құжаттары рәсімделуде. Ұсақ малдарды тоғытатын нысан құрылысы мен мал емдейтін станок алаңының құрылысы бітіп, пайдалануға берілді. Халық сұранысына сай ауылдағы дәрігерлік амбулаторияға зертханалық аппарат беріліп, анализ тапсыратын лаборатория ашылды. «103» жедел жәрдем бөлімшесі ашылып, 1 медициналық жедел жәрдем автокөлігі берілді. Ауылда 2 жазғы кіші футбол алаңшасы, 1 балалар ойын алаңшасы мен демеушілер есебінен салынған 1 жазғы спорт алаңшасы бар. Төле би көшесіндегі шағын футбол алаңшасына ағымдағы толық жөндеу жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді. Заманауи жаттығу залы жұмыс жасайды.Су тасқынынан алдын алу мақсатында 2025 жылдың алғашқы жұмыс күндерінен бөгет көтеру жұмыстары басталған. Жуантөбе ауылындағы Шу өзені арнасының солтүстік бетінде орналасқан ескі бөгетті көтеру жұмыстары аяқталды. Қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын полигон құрылысы бітіп, пайдалануға дайын. Ауылдық клуб жанынан аудандық бюджеттен қаржы бөлініп спорттық инвентарьлар алынып, жаттығу залы ашылды. Ұсақ малдарды тоғытатын нысан құрылысы аяқталды. Мал емдейтін станок алаңының құрылысы бітті.

2025 жылы Әжібай Жақсыбайхлы-Батырбек Достайхлы көшесіне аяқ жол/тротуар төсеу, Төле би көшесіне аяқ жол/тротуар төсеу, Абылай хан көшесіне ағымдағы жөндеу тас жол төсеу; Қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын орынға апаратын жолды ағымдағы жөндеу; Жабық спорт алаңшасын салу үшін ЖСҚ жасалынып, орны белгіленіп, ағымдағы жылы құрылысы басталады деп күтілуде. Учаскелік полиция бекеті құрылысы; Көше басына көше атауымен тақтайша орнату, тұрғын үйлерді нөмірлеу үшін тақтайша ілу жұмыстарын жүргізу; Жаңадан түскен үйлер көшесіне жарықтандыру жұмыстарын жүргізу; Ауылдағы қажетті электр желілерін кезең-кезеңімен жаңарту; «Шаңырақ» объектісіне «Құрмет тақтасы» орнатылды; Тал егу, көгалдандыру үшін қоршау; «Бәйтерек» кешенін реконструкциялау; «Орталық саябақ» құрылысы.

Созақ аудандық Қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

Аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2025 жылдың 31 шілде күні сағат 10:00 де Созақ ауданы әкімдігінің бірінші қабат кіші мәжіліс залында өтеді.

1.Жуантөбе ауылдық округі әкімінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

2.Тасты ауылдық округі әкімінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

3.Шу ауылдық округі әкімінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

4.Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

5.Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы хабарламасы.

6.Басқада мәселелер.

Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 31 шілде күні сағат 9:00 де Созақ ауданы әкімдігінің бірінші қабат кіші мәжіліс залында жүргізіледі.

**Созақ аудандық
Қоғамдық кеңес төрағасы**

М.Сапаров

Жарамсыз деп танылсын

Саргинбаев Олжас Тулегеновичтің иелігіндегі 2014 жылы шығарылған «Chevrolet Cobalt LTZ» маркалі автокөлігінің (мемлекеттік тіркеу белгісі 887 XRY/13) «техникалық төлқұжаты» жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Жарамсыз деп танылсын

Ердебеков Орынбасар Нурғалиевичтің иелігіндегі 1996 жылы шығарылған «Subaru Impreza» маркалі автокөлігінің (мемлекеттік тіркеу белгісі M 998 FPM) барлық құжаттары жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Жыл басынан бері 1,7 миллионнан астам азамат ХҚКО-лар мен мамандандырылған ХҚКО-ларда электронды талондарды пайдаланды

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы Халыққа қызмет көрсету орталықтарына келушілер арасында цифрлық сервистерге деген сұраныстың артқанын атап өтті. Жыл басынан бері «ЦОН» мобильді қосымшасы арқылы 1,7 миллионнан астам электронды талон берілді, бұл қызмет көрсету процесін едәуір жеделдетті.

QR-код арқылы кезек алу функциясы жоғары пайдаланушылық белсенділікті көрсетіп, Халыққа қызмет көрсету орталықтары мен мамандандырылған ХҚКО-ларға барған кезде таптырмас көмекшіге айналды. Жыл басынан бері «ЦОН» мобильді қосымшасы арқылы электронды форматта 1 764 007 талон берілді. Бұл ресепшн аймағындағы жүктемені азайтуға және қызмет көрсету жылдамдығын арттыруға мүмкіндік берді.

Айта кетейік, виртуалды талон қызмет алушыға тіркеу аймағына жүгінбей, жалпы кезектегі орынды бекітуге мүмкіндік беретін қағаз талонның аналогы болып табылады.

Сервисті қолдану үшін смартфонға «ЦОН» мобильді қосымшасын орнату керек. Әрі қарай, қосымшаға кіріп, «ХҚКО кезегіне талон» батырмасына басып, ресепшн аймағында орналасқан QR-кодты сканерлеу қажет. Одан кейін қажетті қызмет түрі таңдалады. «Жалғастыру» түймесін басқаннан кейін жүйе автоматты түрде виртуалды талон береді. Қызмет алушы нөмірі ақпараттық таблода көрсетілген кезде тиісті маманға барып, қызметін алады.

Мемлекеттік корпорация азаматтардың мемлекет пен өзара іс-қимылын неғұрлым ыңғайлы және тиімді ету мақсатында цифрландырылған сервистер ғыну және заманауи шешімдерді енгізу бойынша жұмысты жалғастыруда.

**Руслан АЙДАРБЕКҰЛЫ,
Созақ аудандық ХҚКБ бөлімінің бас маман-менторы.**

Орманда өртке абай болайық!

Өрт қаупі жоғары мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың ұшар басы маңында от жағуға тыйым салынады. Аңшылық құрғанда оталғыш немесе бықсығыш материалдарды қолдануға, жанармай заттарын сүрткен материалдарды арнайы қарастырылмаған жерлерде тастауға, іштен жанатын қозғалтқыш істеп тұрған кезде отынды баққа құюға, қозғалтқыш қуат көзі жүйесінің ақауы бар машинаны қолдануға, сондай-ақ жанар маймен жүретін машиналардың жанында темекі шегуге немесе ашық түрде от қолдануға тыйым салынады. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, тал-шыбықтарды, бұталарды орман алаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

**Абзал АБДАШИМ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау
мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.**

Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «КАТКО» БК» ЖШС ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1.Қоғамдық тыңдаулар Түркістан обл., Созақ а-ны, Тасты а., Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тасты ауылы, А. Иманов көшесі, 15 үй, Әкімдік ғимаратында мекен жайы бойынша 2025 жылғы 18 тамызда сағат 11.00-де өтеді, «Мойынқұм кенішінің (№ 1 (Оңтүстік) және № 2 (Төртқұдық) учаскелерін) әзірлеу жобасын» әсер ету үшін экологиялық рұқсат алу материалдарына сәйкес;

2.Әсер ету аумағы: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы. Координаттар: 44,21'16,382" с.е., 69,08'19,285" ш.б., 44,21'15,903" с.е., 69,08'15,059" ш.б.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтемелер бойынша өту қажет:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596; қатынау коды 123456.

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу сұрақтары бойынша жоспарланған әрекеттің бастамашысымен байланысыңыз.

4.Жоспарланған жобаның бастамашысы: «КАТКО» БК» ЖШС. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы,Түркістан обл., Созақ а-ны, Тасты а., 060 кварталы, 44 ғимарат. БСН 981040001439.тел: +7(702)-453-45-65, e-mail: ulugbek.iskakov@orano.group.

5.Жоба әзірлеуші: «АНТАЛ» ЖШС (2014 жылғы 26 қарашадағы № 01714Р мемлекеттік лицензияны КММ «Мұнай-газ секторындағы экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті» мемлекеттік мекемесі берген. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі»). Мекен-жайы: Алматы қ., Бұхар Жырау 33, «Жеңіс» БО, оф.50, БСН – 920940000013. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, e-mail:office@antal.kz

6. Жобалық құжаттама пакетімен ақпараттық жүйенің сайтында <https://ndbecology.gov.kz> танысуға болады, сондай-ақ ЖАО сайтында «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

7. Жоспарланған жоба туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған іс-шараларға қатысты құжаттардың көшірмелерін алу мақсатында мына мекенжайлар бойынша хабарласуға болады: «КАТКО» БК» ЖШС. Байланыс тел: +7(702)-453-45-65, e-mail: ulugbek.iskakov@orano.groupжәне «АНТАЛ» ЖШС. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42,e-mail:office@antal.kz.

8. Ескертулер мен ұсыныстар ақпараттық жүйенің сайтында ndbecology.gov.kz қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады, сондай-ақ мына мекен-жай бойынша: «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Түркістан қ., Жаңа қала ш/а, 32-көше, 20. e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел 8725 3363845.

Объявление

ТОО «СП «Катко», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

1.Общественные слушания состоятся 18августа 2025 года в 11.00 часовпо адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Тастинский с.о., с.Тасты, ул. Аманкелди Иманова, д 15., здание сельского Акимата, по Материалам для получения экологического разрешения на воздействия «Проект разработки месторождения Моинкум (участки №1 (Южный) и №2 (Торткудук))».

2.Территория воздействия: Республика Казахстан, Туркестанская обл., Сузакский район. Координаты центра участка: 44, 21'16,382" с.ш., 69,08'19,285" в.д., 44,21'15,903" с.ш., 69,08'15,059" в.д.

Для участия в общественных слушаниях необходимо пройти по ссылке: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596; код доступа 123456.

Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефонам инициатора намечаемой деятельности.

4.Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «СП «КАТКО». Адрес: РК, Туркестанская обл., Сузакский р-н, с. Тасты, Квартал 060, здание 44, БИН: 981040001439, тел: +7(702)-453-45-65, e-mail: ulugbek.iskakov@orano.group.

5.Разработчик: ТОО «АНТАЛ» (Государственная лицензия №01714Р от 26.11.2014 г. выдана РГУ «Комитет экологического регулирования, контроля и государственной инспекции в нефтегазовом комплексе. Министерство энергетики РК»). Адрес: г.Алматы, Бухар Жырау 33, БЦ «Женис», оф.50, БИН – 920940000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: e-mail:office@antal.kz

6.С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Информационной системы <https://ndbecology.gov.kz>, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области».

7. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по адресам: ТОО «СП «Катко». Контактный тел: +7(702)-453-45-65, e-mail: ulugbek.iskakov@orano.group.или ТОО «АНТАЛ». Тел/факс: 8(727) 376-33-42. e-mail: e-mail:office@antal.kz

8. Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний на сайте Информационной системы ndbecology.gov.kz, также по адресу: г. Туркестан, мкр.Новый город, улица 32,20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», e-mail:a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел 8725 3363845.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу

Бұл шөлді аймақтарда жиі кездесетін вирус тудыратын өте қауіпті жұқпалы ауру. Бұл ауру ерте заманнан белгілі, онымен тек адамдар ғана ауырады. Кейбір жағдайларда ауру ауыр және науқастың органдарынан қан кету нәтижесінде өлімге әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл қауіпті дерт елімізде «қара өлім» деген атпен кеңінен тараған. Аурудың жасырын кезеңі бірнеше күннен 14 күнге дейін, орта есеппен 5-7 күнге созылады. Көп жағдайда ауру жедел басталады, дене қызуының көтерілуімен (39-40С), қалтырау, бас ауруы, шаршау, бұлшық еттердің ауыруы, денеде, қызыл иекте, мұрында, асқазанда бөртпелер пайда болады- қан кету сияқты белгілермен көрінеді. ішектер. Кейбір органдар, соның ішінде бүйрек зақымдалады, соның салдарынан арқа ауырады, науқастың жағдайы нашарлайды, түнде ұйықтамайды. Ауру басылған кезде науқастың

қызуы көтеріледі, бірақ қан кету және бүйректің зақымдануы байқалмайды. Кейбір жағдайларда ауру симптомсыз өтуі мүмкін, яғни денеде бөртпе жоқ, органдардан қан кетпейді. Қашан және қандай жолдармен беріледі? Ауру сәуір, мамыр, маусым айларында жиі кездеседі. Оның маусымдылығы кенелердің белсенділігіне тікелей байланысты және аурудың 80 пайыздан астамы 20-60 жас аралығындағы ер адамдарда кездеседі. Біздің республикада ірі және ұсақ жануарларда кездесетін кенелер ауру вирусының тасымалдаушысы және тасымалдаушысы болып табылады. Адамдар кене шағуынан және қолдың кене қанымен ластануынан жұғады. Дені сау адам осы аурумен ауыратын науқастың қанымен, сондай-ақ медициналық процедуралар (инъекциялар, инфузиялар, операциялар, қан алу және т.б.) арқылы жұғады. Аурудың алдын алу үшін

төмендегі ұсыныстарды орындаңыз:сәуір-шілде айларында мүмкіндігінше шөлді аймақтарға (табиғат құшағына) бармау; шөлді аймақтар мен базарлардан ұсақ және ірі мүйізді малдарды кенеге қарсы емсіз үйге әкелмеу; ірі қара малда кене табылса, дереу ветеринарға хабарласып, олардың ұсынысы бойынша кенеге қарсы ем қолдану;кенелерді қолмен ұсақтамаңыз және қайшымен кеспеңіз;малды және олар тұратын орындарды толық және сапалы дезинфекциялау;қырқу маусымына жас балалар мен жасөспірімдерді тартпау; кесу кезінде тек арнайы киімдерді (қолғаптар, жеңі мен аяғы тығыз жабылған шалбар, жилет, резеңке етік) пайдаланыңыз; кесу кезінде жеке гигиена ережелерін мұқият сақтау қажет.

**Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ
басқармасының басшысы.**

ПЖКР: ҮМІТКЕРЛЕРДЕН ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ АЯҚТАЛДЫ

2025 жылғы 1 маусымында басталған Президенттік жастар кадр резервіне төртінші іріктеуге еліміздің жас мамандары жоғары қызығушылық танытты.

Бір айда жобаның pkrezerw.gov.kz ресми сайтында 31 859 адам тіркеліп, оның ішінде 7 436 кандидат іріктеудің келесі кезеңіне жолданды.

Кандидаттардың орташа жасы 31-де, ал орташа еңбек өтілі 8,9 жасты құрады. Бұл ретте кандидаттардың 34,2%-ында басқару тәжірибесі бар.

Қатысушылардың географиясы елдің барлық аймақтарын қамтыған. Өтінімдердің ең көп саны Астана қаласынан (1840 немесе 24,8%), Түркістан облысынан (553 немесе 7,4%), Алматы қаласынан (490 немесе 6,6%), сондай-ақ Қызылорда (420 немесе 5,7%) және Жамбыл (402 немесе 5,4%) облыстарынан келіп түсті. Кандидаттар мемлекеттік қызмет (4147 немесе 55,8%) пен өзге салаларды (3289 немесе 44,2%) қоса алғанда, кәсіби қызметтің әртүрлі салаларынан құралып отыр.

Кандидаттар арасында 4 741 адам бакалавриат деңгейінде жоғары білімге, 2 550 адам магистрант, 145 адам доктор дәрежесіне ие.

Сондай-ақ, кандидаттар арасында 863 шетелдік жоғары оқу орындарының түлектері, 306 «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттары, 238 Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының түлектері бар.

Іріктеудің келесі кезеңіне жіберілген кандидаттар 2025 жылғы 15 шілде сағат 23:59-ға дейінгі мерзімде «Мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау» тестілеуге жазылуы қажет.

Жазылу мүмкіндігі өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама алған сәттен бастап қол жетімді.

Қатысушы жобаның pkrezerw.gov.kz ресми сайтындағы жеке кабинетінде ұсынылған уақыттардың ішінен тестілеу өтетін уақытын таңдауы керек.

Іріктеуге қатысушы барлық кандидаттарға сәттілік тілейміз!

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті.

Қоғам дертінен арылу- болашағымыз үшін маңызды

Сыбайлас жемқорлық – тәуелсіз Қазақстанның, бүгінгі қоғамның өзекті де күрделі мәселелерінің бірі. Тек Қазақстан емес, бұл індет әлемнің қай-қайсы елінде болса, сол елдің қасірет шегері хақ.

Қазақстан Республикасының Президенті өз жолдауында «Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қажетсіз қағазбастылық пен құжат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс. Халық алдында есептілігін арттырып, нәтижеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керек» - деп сыбайлас жемқорлықпен күрестің мән-маңызына тоқталып өткен болатын.

Негізі «сыбайлас жемқорлық», «пара» деген сөздің мән-мағынасына үңілер болсақ, бұл ұғымдар сонау сан ғасыр, сан мың жылдар бұрын пайда болғанын тарих дәлелдейді. Бұл жөнінде біз мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген ғұлама ғалымдарымыздың еңбектерінен кездестіре аламыз.

Сыбайлас жемқорлық қоғамды әділетсіздікке ғана ұрындырып қоймай, елдің экономикалық жүйесінің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, экономикамыздың дамып, жетілуіне кереғар әсерін тигізеді, халықаралық деңгейде елдің жағымсыз имиджін қалыптастырады.

Сыбайлас жемқорлық-індет, оны жою міндет екендігін әрбір азамат пен азаматшала түсініп, қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін арттыру үшін сыбайлас жемқорлықпен күресті әр адам өзінен бастауы қажет деп ойлаймын. Әл-Фараби аңсаған қайырымды қаланы, кемел мемлекетті қалыптастыру үшін қоғамда, елде болмауы керек бір маңызды дүние болса, ол – жемқорлық. Елдегі бұл ауыр індетті жою үшін күресті өзімізден, айналамыздан бастап, нәтижеге қол жеткізуге, жемқорлықты жою үшін аянбай күресу - әрбір қазақстандық азаматтың азаматтық та, адамзаттық та парызы.

**Ғабит МҰСАБЕКОВ,
Созақ аудандық статистика басқармасының бас маманы.**

Халқымызда еңбегімен еленіп, ғұмырын ғибратты өткізген жандар аз емес. Олардың арасында ғұмырының басым бөлігін ел игілігі жолындағы еңбекке арнаған еңбек ардагерлерінің орны ерек. Сондай жандардың бірі Жаңалық Жанмолдаұлы – жастайынан-ақ жасындай жанып, жұлдыздай жарқыраған жан. Бүгінгі таңда бейнетінің зейнетін көріп отырған асыл әке, ардақты ата Жаңалық Жанмолдаұлы мерейлі 80 жасқа толып отыр.

Үлкендердің жолын ұллық деп ұғынатын ұрпақ алдыңғы буын өкілдерін әркез құрметтеп, төріне шығарады. Бүгінгі мақаламыздың кейіпкері Жаңалық Жанмолдаұлы–1945 жылы Шолаққорған ауылында дүниеге келген. Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебін



рының абыройын асқақтап отырған жайлары бар. Мұндай азаматтардың өмірлік жолы үлгі-өнегеге толы десем артық айтпаған болар едім,-дейді замандасы.

Бүгінде бейнетінің зейнетін көріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған Жаңалық көкеміз бен Рәш апамыздан тараған үш ұл, үш қыздан 29 немере мен бір шөбере бар. Ұл-қыздарына қысқаша тоқталып өтер болсақ, үлкен ұлы Нышанәлі өндірісте жұмыс жасайды, жұбайы Алтын мен бес бала-шағасы бар. Соған соң Жанәділ аудандық электр желілері мекемесінде қызмет атқарады. Жұбайы Ботағөз аудандық кітапханада жұмыс жасайды. Бес бала-шағасы бар. Үшінші ұлы Нар-Сәбит, төрт бала-шағасы бар, жұбайы Айнұр. Қыздарының үлкені Сәуле аудандық архив ме-

Өнегелі өмірі

ұрпаққа үлгі

1964 жылы бітіріп, Қарағанды кооператив институтын экономист мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 1964-65 жылдар аралығында аудандық халық сотында хатшы болып бастаған. 1965 жылдың қараша айынан 1968 жылға дейін Кеңес әскері қатарында болған. 1968 жылдың қараша айынан бастап Созақ аудандық тұтынушылар қоғамында нұсқаушы, кадр жөніндегі орынбасары болып 1977 жылға дейін қызмет атқарған. 1977 жылдың қыркүйек айынан 1987 жылдың сәуір айына дейін «Калинин» атындағы жұмысшылар кооперативінің төрағасы болған. 1987-1988 жылдар аралығында аудандық тұтынушылар одағы төрағасының кадр жөніндегі орынбасары қызметін атқарған. 1999 жылдан 2008 жылға дейін Созақ аудандық білім бөлімінде бөлім басшысының шаруашылық орынбасары болып жұмыс жасаған. 2008 жылдың шілде айынан бастап зейнеткерлікке шыққан.

Жұбайы Қожахметова Рәш Ескендірқызы Петропавл қаласында 1949 жылы дүниеге келген. Созақ аудандық шикізат дайындау мекемесінде, Таукент кентіндегі өндірістік мекемеде есепші қызметін атқарған. 2015 жылы зейнеткерлікке шыққан. Аудандық, облыстық, партия басшылығының, мекеме директоры, ауыл әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталған. Кейіпкеріміз Жаңалық

Жанмолдаұлы жайында ауыл тұрғындары әрдайым жақсы сөздер айтып жүреді. Ол кісінің еткен еңбегі, жасаған жақсылықтары кейінгі ұрпаққа үлкен өнеге, зор ғибрат.

Ауылымыздың тұрғыны Нұрсейіт Жасұланов арда-

кемесінде қызмет атқарады. Жұбайы Асқар А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі. Алты бала-шағасы бар. Екіншісі Зәуре Н.Төреқұлов атындағы IT мектеп-лицейінде мұғалім, жұбайы Мақсат, ол да аталған мектепте мұғалім болып қызмет атқарады. Бес бала-шағалары бар. Үшіншісі Әсем «ҚазАтом-пром» саласында есепші, жұбайы Бейбіт өндірісте қызмет атқарады. Төрт бала-шағалары бар.

Жаңалық Жанмолдаұлы



геріміз Жаңалық Жанмолдаұлы жайында былай дейді: - Ол жастайынан еңбекке араласып, ауданымыздың әл-ауқатының жақсаруына өзіндік үлесін қосқан азамат деп білемін. Оның білімі жоғары, тәжірибесі мол болды. Адамгершілігі мен сыйластығы өз алдына бөлек әңгіме. Бүгінгі таңда өткен еңбегінің зейнетін көріп, ауылдастары арасында сыйлы болып отыр. Өзінен тараған ұрпақтары түрлі салаларда қызмет атқарып, ата-анала-

өзінің еңбек еткен жылдары түрлі салаларда талай марапаттарға ие болған. Мақтау қағаздары, алғыс хаттармен түрлі мадақтаулармен марапатталған.

Сөз соңында айтарымыз, сексеннің сеңгіріне шыққан Жаңалық Жанмолдаұлы көкеміздің деніне саулық, отбасына амандық тілей отырып, әрдайым келешек ұрпаққа айтар ақылңызбен берер тәрибиеңіз сарқылмасын дегіміз келеді.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарабаи

Редакция құрамы:

Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріші-
Багила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3300 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев